

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

SD700

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Есту қауіпсіздігі	2
2 Портативті динамигіңіз	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Өнімге шолу	5
3 Жұмысты бастау	6
Қуат көзі	6
Қосу немесе өшіру	7
Дереккөзді таңдау	7
4 Ойнату	8
Bluetooth қолдайтын құрылғылардан ойнату	8
SD картасынан немесе USB құрылғысынан ойнату	9
Сыртқы құрылғыдан ойнату	9
FM радиосын тыңдау	10
Құлақсаппа арқылы тыңдау	10
Дыбыс деңгейін реттеу	11
5 Өнім туралы ақпарат	12
Ерекшеліктер	12
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	12
6 Ақаулықтарды жою	14
Bluetooth құрылғысы туралы	14
7 Ескерту	15
Сәйкестік	15
Қоршаған ортаны күту	15
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	16

1 Маңызды ақпарат

Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.
 - Бұл өнімнің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
 - Өнімді басқа электр құрылғыларының үстіне қоюға тыйым салынған.
 - Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жапыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
-
- Осы нұсқауларды оқыңыз.
 - Барлық нұсқауларды орындаңыз.
 - Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
 - Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
 - Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
 - Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
 - Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
 - Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
 - Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
 - Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

Есту қауіпсіздігі



Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.

- Үлгісиз қатерлі жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Портативті динамигіңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:


- FM радио станцияларын тыңдау және
- дыбысты Micro SD картасынан, USB құрылғыларынан, Bluetooth қосылған құрылғылардан және басқа сыртқы құрылғылардан тыңдау.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Динамик
- Зарядтауға арналған USB кабелі
- FM антенна
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы

Өнімге шолу



① SRC

- Дыбыс көзін таңдау.

② ◀▶

- Трек таңдаңыз.
- Ойнату ішінен іздеңіз.
- FM радио стансаларын баптаңыз.

③ ▶||/PAIRING

- SD, USB немесе Bluetooth режимінде ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз.
- Bluetooth режимінде Bluetooth қосылымын ажырату немесе жұптау режиміне кіру үшін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
- FM режимінде FM радиостанцияларын автоматты түрде сақтау үшін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- FM режимінде алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін басыңыз.

④ -/+

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑤ ⏻

- Өнімді қосу немесе өшіру.

⑥ Bluetooth көрсеткіші

⑦ Бауды тағуға арналған тесік

⑧ DC 5V

- Кірістірілген батареяны зарядтау.

⑨ 🎧

- Құлақаспапты жалғау.

⑩ AUDIO IN/ Ү

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.
- FM антеннасын қосыңыз.

⑪ Дисплейлі панель

- Ағымдағы күйді көрсету.

⑫ 🔄

- USB құрылғысын жалғау.

⑬ SD ұясы

- Micro SD картасын қосыңыз.


3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____



Қуат көзі

Динамик кірістірілген қайта зарядталатын батареямен жұмыс істейді.



Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
- Зарядталатын батареяның зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.

Ішкі батареяны зарядтау үшін:


Жинақтағы USB кабелін төмендегіге қосыңыз:

- динамиктегі **DC 5V** ұясына.
- компьютердегі USB ұясына.

Батарея күйі	Батарея белгішесі () әрекет
Батарея деңгейі төмен	Жыпылықтауда
Зарядтау кезінде	Тұтас қосулы
Толық зарядталған немесе зарядтау тоқтатылған	Өшіру

Қосу немесе өшіру

- Өнімді қосу үшін **⏻** қосқышын оңға сырғытыңыз.
↳ Өнім соңғы таңдалған көзге ауысады.



- Өнімді өшіру үшін қосқышты солға сырғытыңыз.

Дереккөзді таңдау

Дыбыс көзін таңдау үшін **SRC** түймесін қайталап басыңыз: FM тюнері, USB, SD, Bluetooth немесе Audio-in.

ECO күту режиміне ауысу

SD, Audio-in немесе Bluetooth режимінде өнім Eco standby (Эко күту) режиміне келесі жағдайларда автоматты түрде ауысады:

- 15 минут бойы музыканы ойнату тоқтатылса;
- 15 минут бойы ешқандай Micro SD картасы, USB құрылғысы немесе Audio-in кабелі қосылмаса; немесе
- Bluetooth қосылымы 15 минут бойы ажыратулы болса.

SD/USB/Audio-in/Bluetooth режиміне оралу үшін:

- Ойнатуды жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз; немесе
- Алдымен өнімді өшіру үшін қосқышты сырғытыңыз, одан кейін оны қосыңыз.

4 Ойнату

Bluetooth қолдайтын құрылғылардан ойнату

Бұл өніммен Bluetooth қолдайтын құрылғылардан дыбысты тыңдай аласыз.

Құрылғыны қосу

Ескертпе

- Bluetooth құрылғысының осы өніммен үйлесімді екенін тексеріңіз.
- Құрылғыны осы өніммен жұптастырудың алдында Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Өнім ең көбі 4 жұптасқан құрылғыны сақтай алады. Бесінші қосылған құрылғы біріншісін ауыстырады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосулы екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.
- Осы өнім мен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).

- 1 Bluetooth көзін таңдау үшін **SRC** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **[bt]** белгішесі көрсетіліп, Bluetooth көрсеткіші көк түспен жыпылықтайды.
- 2 дыбыстық сигналды естігенше **PAIRING** түймесін басып тұрыңыз.
↳ Өнім жұптауға дайын.
↳ Bluetooth көрсеткіші (көк) жыпылықтайды.
- 3 Bluetooth құрылғыңыздағы Bluetooth функциясын қосыңыз және Bluetooth құрылғыларын іздеңіз.

- 4 Жұптастыруды және қосуды бастау үшін құрылғыда **[Philips SD700]** тармағын таңдаңыз. Қажет болса, «0000» әдепкі құпия сөзін енгізіңіз.

↳ Сәтті жұптап, қосқаннан кейін, динамик екі рет сигнал шығарады және Bluetooth көрсеткіші тұтас көк түске айналады.

Bluetooth көрсеткіші	Статус
Көк түсте жылдам жыпылықтау	Жаңа құрылғы жұптауға дайын
Көк түсте баяу жыпылықтау	Жұптасқан құрылғыны қосу әрекетін қайталау
Көк түспен жану	Қосылған

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- **PAIRING** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз;
- Құрылғыда Bluetooth функциясын ажыратыңыз; немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.
↳ Өнім екі рет дыбыстық сигнал шығарады және Bluetooth көрсеткіші көк түспен жыпылықтайды.

Bluetooth қосылған құрылғыны қайта қосу үшін:

- Келесіде бұл өнім Bluetooth режиміне өткен кезде, ол соңғы қосылған құрылғыға автоматты түрде қайта қосылады; немесе
- Қосылуды бастау үшін Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth мәзірінен «**Philips SD700**» тармағын таңдаңыз.


Басқа Bluetooth қосылған құрылғыны қосу үшін:

- 1 Қазіргі уақытта қосылған құрылғыны ажырату үшін **PAIRING** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ Өнім Bluetooth жұптау режиміне өтеді.
- 2 Екінші Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

Bluetooth құрылғысынан ойнату

Сәтті Bluetooth қосылымынан кейін Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.

- ↳ Дыбыс ағыны Bluetooth құрылғысынан өнімге жіберіледі.
- Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін **PAIRING** түймесін басыңыз.




SD картасынан немесе USB құрылғысынан ойнату

Ескертпе

- USB сақтау құрылғысында немесе Micro SD картасында ойнатылатын дыбыстық мазмұнның бар екенін тексеріңіз.

Micro SD картасынан ойнату

- 1 SD картасы көзін таңдау үшін **SRC** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **[SD]** көрсетіледі.
- 2 Micro SD картасын карта ұясына салыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.



USB құрылғысынан ойнату

- 1 USB ресурсын таңдау үшін **SRC** түймесін қайталап басыңыз.
↳ **[USB]** көрсетіледі.
- 2 USB құрылғысын **↔** ұясына салыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.

Ойнатуды басқару

USB немесе SD режимінде ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Түйме	Функция
⏮ / ⏭	Алдыңғы немесе келесі жолға өту үшін басыңыз. Ойнату кезінде алға жылдам айналдыру немесе артқа жылдам айналдыру үшін басып тұрыңыз, одан кейін ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.
▶▶	Ойнатуды бастау, кідірту немесе тоқтату үшін басыңыз.

Кездейсоқ ойнату

Ойнату кезінде **⏮** және **⏭** түймелерін бірге 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

↳ **[⏮ ⏭]** көрсетіледі.


↳ Барлық әуендер кездейсоқ ретпен ойнатылады.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Осы өніммен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыстық құрылғыны тыңдауға болады.

- 1 AUX ресурсын таңдау үшін **SRC** түймесін қайталап басыңыз.
- 2 Дыбыс кірісі кабелін 3,5 мм қосқышпен екі ұшынан
 - динамиктегі **AUDIO IN** ұясына.
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығына.

- 3 Дыбысты құрылғыда ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).




FM радиосын тыңдау

FM радио станцияларын реттеу

Ескертпе

- Радио кедергілерді болдырмау үшін өнімді басқа электрондық құрылғылардан ары ұстаңыз.

- 1 FM антеннасын **AUDIO IN**/  ұясына қосыңыз.



- 2 FM тюнер көзін таңдау үшін, **SRC** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- 3 Осы  /  түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- ↳ Өнім күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.

- 4 Көбірек радиостанцияларға реттеу үшін 3-қадамды қайталаңыз.

Станцияны қолмен реттеу үшін:

- Қабылдау жақсарғанша  /  түймесін қайталап басыңыз.

FM радио станцияларын автоматты түрде сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радиостанцияны сақтай аласыз.

FM тюнер режимінде  түймесін екі секунд басып тұрыңыз.

- ↳ Барлық қол жетімді радиостанциялар автоматты түрде сақталады, содан кейін бірінші сақталған радиостанция таратылады.



Кеңес

- Автоматты түрде тексеруді тоқтату үшін  /  түймесін басыңызға болады.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

Алдын ала орнатылған станцияны таңдау үшін тюнер режимінде  түймесін қайта-қайта басыңыз.

Құлақсаппа арқылы тыңдау

Құлақсаппа түймесін өнімдегі  ұясына қосыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру немесе төмендету үшін **-/+** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Дыбыс деңгейін үздіксіз арттыру немесе төмендету үшін **-/+** түймесін 2 секунд басып тұруыңызға болады.

5 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 1,5 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	60 -20000 Гц, ±3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	>70 дБА
Қосымша кіріс	600 мВ RMS, 22 кОм

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	FM: 87,5-108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
- Стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	>43 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	>28 дБф
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	<2%
Сигнал-шу арақатынасы	> 55 дБ

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V3.0+EDR
Bluetooth жиілік жолағы	2,402 ГГц ~ 2,48 ГГц ISM жолағы
Bluetooth қашықтығы	10 м (бос орын)

Динамик

Үндеткіштің номиналды қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	4 см толық ауқым
Сезімталдық	>79±3 дБ/мВт

Жалпы ақпарат

Қуат көзі (Micro USB ұяшығы арқылы)	5 В --- 500 мА
Кірістірілген батарея (Литий-полимерлік батарея)	3,7 В, 850 мАс
Қуатты үнемдеу күту режимінде қуат тұтыну	< 0,5 Вт
Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	164 x 63 x 33 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,35 кг

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB2.0)
- USB флеш ойнатқыштары (USB2.0)
- жад карталары (бұл құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша картаны оқу құралын қажет етеді; Кейбір көп карталы USB оқу құралына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар

- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 16 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом - құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

6 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Батареяны қайта зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Осы өнімде дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Дұрыс дыбыс көзінің таңдалғанын тексеріңіз.

Өнімнен жауап жоқ

- Өнімді қосыңыз.
- Батареяны қайта зарядтаңыз.
- Алдымен өнімді өшіріңіз, одан кейін өнімді күту режимінен іске қосу үшін оны қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Өнім мен басқа электр құралдары арасындағы аралықты алшақтатыңыз.
- Жақсы қабылдау үшін FM антеннасын **AUDIO IN/**  ұясына қосыңыз.
- Антеннаны толығымен созып, орнын реттеңіз.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Жұптау үшін құрылғыда SD700 іздеу сәтсіз аяқталды.

- **PAIRING** түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

7 Ескерту

Gibson Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік

CE 2522

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.




Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EO еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады. Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.



Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



Specifications are subject to change without notice.

2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

SD700_00_UM_V2.0

